

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№19
(941)

Бейсенбі, 12 мамыр 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Жұмыс сапары

Нақты тапсырмалар берілді

Мамырдың 6-ы күні ауданымызда Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Айдарбек Сапаров жұмыс сапарымен болып, аудан шаруашылықтарының көктемгі егіс жұмыстарының барысымен танысты.



Ғабит Мүсірепов ауданынан бет алған облыс басшысының бірінші орынбасары Айдарбек Сейпелұлы ең алдымен Казанка ауылдық округіндегі «Достық Дән» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ат басын бұрды.

Серіктестіктің егістік алқабында болған өңір басшысының бірінші орынбасары шаруашылықтың жұмыс барысымен танысты. Серіктестік басшысы Рейнгольд Юстустың айтуынша шаруашылықтың барлық техникалары көктемгі дала жұмыстарында ылғал жабу жұмыстарына жұмылдырылған. Сонымен қатар тұқым мен жанар-жағар майдың да қоры жеткілікті екендігін жеткізді.

Жұмысшылармен тілдескен Айдарбек Сейпелұлы жауапты науқанды дер кезінде ұйымшылдықпен өткізіп, уақытында аяқтауды тапсырды.

Серіктестік алқаптарынан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары тұқым сақтау то-ғында да болып, ондағы сапалы тұқымды дайындаудың барысымен де танысты.

Жұмыс барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Айдарбек Сапаров аудан орталығында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының конференция залында аудан активімен және ауданның барлық агроқұрылым басшыларымен шұғыл кеңес өткізді. Кеңесте ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы көктемгі егістік науқанының барысы және ауданда мал шаруашылығының дамуы жөнінде сөз болды. Жоғарыдағы аталған келілі мәселелердің алдағы уақытта шешімін табуы үшін бірқатар тапсырмалар мен міндеттемелер жүктеді.

Кеңестен соң Айдарбек Сейпелұлы «Ғасыр Айыртау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, серіктестіктің көкеіс өсірумен айналысатын жылыжайда және макарон өнімдерін шығаратын цехта да болды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.

Кәсіпкерлікке – кең өріс

ЖАҢА НЫСАН АШЫЛДЫ

9 мамыр – Ұлы Жеңістің 71 жылдығының қарсаңында 8 мамыр күні «Ағишев» жеке кәсіпкерлігінің «Рулевой» атты автокөліктің қосалқы бөлшектерін сататын дүкені ашылды.

Ашылу салтанатына аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров қатысып, көпшілікті Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығымен және жаңа бизнес нысанының ашылуымен құттықтады.

Аудан басшысы «Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар жалғастырылатынын айқындады. Сонда бизнестің отандық өнімі сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек деп белгіледі. Соңғы жылдары Айыртау ауданында шағын және орта бизнестің қарқынды дамып, әрдайым ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады» - деді.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Турнир

«Жеңіс» кубогы саумалкөлдіктерде

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай Антоновка ауылында «Жеңіс» кубогын сарапқа салатын футбол турнирі болып өтті.

Турнирге Сырымбет, Дауқара, Саумалкөл, №7 өрт сөндіру бөлімі мен мемлекеттік күзет қызметінің жауынгерлерінен құралған 4 команда қатысты. Ойын ережесі айналым жүйесі бойынша жүргізіліп, ұпай көрсеткіші бойынша Саумалкөл командасы 1 орынмен аудандық ардагерлер кеңесінің атынан тігілен «Жеңіс» Кубогын жеңіп алды. Ал екінші және үшінші орындарға дауқаралық спортшылар мен өрт сөндірушілердің және күзет жауынгерлерінің құрама командалары шықты. Жеңімпаз командаларға ақшалай сыйлық табыс етілді.

Сондай-ақ, «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы», «Үздік жартылай қорғаушы» аталымдары бойынша Серік Дүйсенбеков, Асылхан Сейітқалиев, Жалғас Сағынаев марапатталды.

Өз тілшімізден.

Ол күндердің өшпес даңқы

АРДАГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ



Халқымыз асылын ардақтап, қариясын құрметтеген. Өмірден көргені, көңілге түйгені мол, тыңдай білгенге ақыл-ойы алтын көмбе ардагерлерді әспеттеп, оларға құрмет көрсету-

баршамыздың парызымыз. Отан үшін от көшіп, жалынды жастық шағын соғыс өртінде өткізген соғыс ардагерлерінің қатары күн санап азайып барады.

8 мамыр Ұлы Жеңіс күні қарсаңында аудан әкімі Ағзам Тастеміров Ұлы Отан соғысының ардагері Константин Кубракты және тыл ардагері, көпбалалы батыр ана, «Алтын алқа» иегері Қауия Төлегеноваларды Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтап, арнайы сый-сияпатын табыс етті.

Осы күні аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова Жеңіс солдаттары Александр Белоног пен Қойшы Бейсембаевтарды, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров Александр Греков пен Николай Ивановскийларды, ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбеков Петр Леонченконы аудан әкімі атынан құттықтап, арнайы сыйлықтарын табыстады.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Суретте: аудан әкімі А.Тастеміров

көпбалалы ана Қ.Төлегенованы құттықтауда. Суретті түсірген Ирина БУРКОВСКАЯ.

Ұлы Жеңіске - 71 жыл!

МАЙДАНГЕРІМ, ЕРЛІҢІЗЕ МАҚТАНАМ...



Осыдан 71 жыл бұрын адамзат баласына ауыр зардаптарын әкелген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы бабалар батырлығының арқасында жеңіспен аяқталды. От пен

оқтың ортасында жүріп, жаумен айқасқан жауынгерлер ерлігі бізге бейбіт күнді сыйлады. Сондықтанда бүгінгі ұрпақ қайсар қазақ қыз-жігіттерінің батырлығы алдында бас иіп, ерліктерін еш ұмытпақ емес.

Аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы соғыс ардагерлерің тыл еңбеккерлерің осы митингке жиналған жұртшылықты Жеңіс мерекесімен құттықтауында: «Жеңімпаз халқымыздың жанкештілігі мен қаһармандығы еліміздің және бүкіл адамзаттың тарихында өшпес кезек болып мәңгілік қалады.

Ардагерлер, майдангерлер, тыл еңбеккерлері, партизандық қозғалысқа қатысушылар, сондай-ақ жазықсыз қуғын-сүргін мен жер аударудың зобалаңын бастан өткергендердің, алапат соғыстан кейін елді қалпына келтіргендердің баршасы, сіздерге тағзым етеміз!

Бүгінгі біздің қасиетті парызымыз – аға ұрпақтың мұң-мұқтажын ұмытпау, Жеңісіміздің тарихы жастарды, кейінгі ұрпақты отаншылдық, достық пен келісім сезіміне тәрбиелеуде



басты өнеге болып қала беруі үшін қолдан келгенін бәрін жасау.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс халықтың бірлігінің, майдан мен тыл бірлігінің, ұрыс даласындағы жаппай қаһармандықтың және халықтың еңбектегі ерлігінің нәтижесі екені сөзсіз» - дей келе, баршасының отбасына амандық, мықты денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр, туған-туысқандары мен жақындарына бақыт тіледі.

Одан әрі сөз кезегін алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, Айыртау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Нұрлан Әубәкіров, жас ұрпақ атынан №1 Саумалкөл ОМ-нің оқушысы Алек-

сандр Борисовтар Жеңіс жауынгерлері мен тыл еңбеккерлерін мерекемен құттықтап, шын көңілден шыққан тілектерін білдірді.

Жеңіс күніне арналған салтанат одан әрі Айыртау гарнизоны әскери қызметкерлерінің, ауданның құқық қорғау қызметшілерінің, әскериленген өрт сөндіру бөлімінің, мектеп, колледж, оқушыларының, мемлекеттік мекемелердің қатысуымен мерекелік шеруге ұласты. Ауданның білім мекемелерінің қызметкерлерімен, оқушылармен, еңбек ұжымдары мен мемлекеттік мекемелердің өкілдерінің ұйымдастыруымен қойылған соғыс кезіндегі көріністер де ешкімді де бей-жай қалдырмады. Ол да көпшілік үшін әсерлі болды. Өйткені салтанатты шеру биылғы Жеңістің 71 жылдығына орай ұйымдастырылған аудан жұртшылығының «Мәңгілік полк» жобасымен жалғасты.

Салтанатты шараның соңы жылдағы дәстүр бойынша және түрлі спорттық жарыстарға, ауданның көркемөнерпаздарының күшімен дайындалған мерекелік концертке ұласты. Аудан өртістерінің мерекелік концертін тамашалаған ардагерлер «Ақтоқты» дәмханасында ұйымдастырылған аудан әкімінің мерекелік дастарханында бас қосты.

Осы күні кешкілік орталық алаңда мерекелі би кеші кеші ұйымдастырылып, Жеңіс күніне арналып оташу шашылды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні

ЕЛДІ ҚОРҒАУ – ЕРДІҢ ІСІ



7 мамыр - еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін, әскери күштері әлеуетінің арта түскендігін айғақтайтын әрі ұлттық-патриоттық рухымызды көтеретін мемлекеттік мереке. Қайсар мінезді ата-баамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасын тапқан күн.



Осындай айтулы Отан қорғаушылар күні ауданымызда да ерекше бір салтанатпен аталып өтті.

Ең алдымен «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров биылғы жылы сайлау науқанында белсенділік танытқан бір топ нұротандықтарға

Елбасының, партия төрағасының және партия төрағасының бірінші орынбасарының, партияның аудандық филиалы төрағасының Алғыс хаттарын табыс етті.

Салтанатты шара аудан мектептерінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері мен оқушыларынан құралған әскери-теңіз флоты, аэроұтқыр әскері, шекара әскері құрылымдарының сапқа тұруымен бастау алды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалысымен, салтанатты мерекелік жиында сөз алған аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы: «Бұл күні біз қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға деген сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Еліміздің әр азаматы бүгінгі күні де өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда. Тәуелсіздігіміздің 25 жылы ішінде қазақстандық армия кеңінен нығайып, жаңа сапалы деңгейге жетілдірілді.

Отан қорғаушылар күні Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында өтуімен елеулі. Жеңімпаз халқымыздың жанкештілігі мен қаһармандығы еліміздің және бүкіл адамзаттың тарихында өшпес кезең болып мәңгілік қалады. Ұлы Жеңістің мирасын сақтап, елді қорғау, аға ұрпақтың мұң-мұқтажын ұмытпау әрқайсымыздың қасиетті парызымыз», - дей келе айыртаулық әскери қызметкерлерді айтулы мерекемен құттықтады.

Сонымен соң аудан басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығына сәйкес III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапаттаса, Отан қорғаушылар күніне орай аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары ауданның құқық қорғау, әскери қызметкерлерге және аудан мектептерінің алғашқы әскери дайындық пәнінің бірқатар мұғалімдеріне табысталды. Аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы жақында Канадада кекушинкай-қаратеден өткен халықаралық жарыста өз салмақ дәрежесінде чемпион атағын жеңіп алған Саумалкөл қазақ орта мектебінің оқушысы, спорт шебері Әділбек Молдағалиевті Алғыс хатымен және бағалы сыйлықпен марапаттады.

Сонымен қатар ауданның қорғаныс ісі жөніндегі бөлімінің Алғыс хаттары да сала қызметкерлеріне табысталды.

Мерекелік шара соңында аудандық «Айыртау таңы» және «Айыртауские зори» газеттерінің жұлдесіне арналған эстафетаның жеңімпаздары да арнайы дипломдарымен марапатталып, сыйлықтарға ие болды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген
Наталья ЕРЕМЕНКО.

«Бұқпа» жұлдесі

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТУРНИР

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні Сырымбет ауылында 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған ала доп шеберлерінің дүбірлі додасы болып өтті. Мерекелік күнді тағы да бір мерекелік шараға ұластырған бұл күннің ерекшелігі – дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін «Бұқпа!» газетінің арнайы жұлдесі үшін өтетін футбол бәсекесі.



Футбол жарысына қатысушыларды аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, «Бұқпа!» газетінің директоры мен бас редакторы Мұрат Айбашпанов және Төлеген Қажыбай, Көкшетау қаласындағы гуманитарлық-техникалық академияның проректоры Бауыржан Кәрімов және турнир қонағы Болат Қожа және ауыл тұрғыны, ардагерлер ұжымының төрағасы Мереке Бейсембаев құттықтады.

Турнир шымалдығын ашқан аудан әкімі Ағзам Тастеміров осы іс-шараны өткізуге атсалысқан Сырымбет ауылының тұрғындарына алғыс білдіре отырып, «Бұқпа!» газетінің директоры Мұрат Айбашпановты, Сырымбет орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Манат Көкжеғалиевті, мектептің кәсіподақ ұжымының төрағасы Серік Мұхаметалинді аудан әкімінің арнайы дипломымен марапаттады.

Сонымен қатар, «Бұқпа!» газетінің басшылығы ауыл тұрғыны, ұстаз, ардагер-спортшы, аталмыш турнирдің 11 жыл бойғы бас төрешісі болған Мереке Айтбайұлының иығына қазақы жөн-жоралғымен шапан жапты. Сондай-ақ, Төлеген Қажыбай өзінің Франция еліне жасаған сапарында түйген ойы мен таныған сырлары жайындағы «Францияға сапар» атты кітабының үш данасын арнайы қолтаңбасын қалдыра отырып аудан басшысы Ағзам Тастеміровке, аудандық мәслихат төрағасы Берік Жанахметовке және Сырымбет орта мектебінің кітапханасына табыс етті.

Сонымен бірге, Болат Асанұлы арнайы Кубокты осы турнирді өткізуге белсене атсалысқан Сырымбет орта мектебінің ұжымына табыстады.

Турнир қонағы Болат Қожа Уәлихан Құлбаевтың басшылығындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайының қорына өз есімі жазылған кәдесыйын

сыйға тартты және де Сырымбет футбол командасының қақпашысы Мейрам Дауытбаевты ақшалай сыйлықпен марапаттады.

Осымен 12 жыл қатарынан Сырымбет топырағында ала шанды аспаңға көтеріп, бәсекеге түскен аяқдошылардың жарысы өте тартысты өтті. Барлығы 6 команда қатысқан турнирдің демеушілері «Қазақстан барысы» турнирінің



Президенті, Қарақамыс елінің тумасы Арман Шураев, «Бұқпа!» газетінің директоры Мұрат Айбашпанов, елордалық жеке кәсіпкер Аян Ибраев, көкшетаулық жеке кәсіпкерлер Асқар Оразбаев, Мұрат Сүлейменов, Ш. Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайының директоры Уәлихан Құлбаев, Сырымбет ауылының тумасы Сәкен Кәрімов және Владимир Пак басқаратын Көкшетау қаласындағы гуманитарлық-техникалық академиясы.

Жасыл алаңда ересектердің футбол бәсекесі қызып тұрғанда, бұлдірішімдер мен жасөспірімдер арасында да түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, шахмат, тоғызқұмалақ, скакалкамен секіру, қаппен жүгіру, дартс, арқан тарту, 3 аяқты велосипед жарысы, доппен ойнау, баскетбол добын торға түсіру жарыстары ұйымдастырылып, басым түскендерге 3000 теңгеден ұтыс таратылды.

Турнир нәтижесі бойынша үшінші орынды «Сырымбет» командасы иеленіп, 10000 теңге ұтысты қанағат тұтса, екінші орын «Қаратал» командасына бұйырып, олар 20000 теңгені жеңіп алды. Ал турнир жеңімпазы бол танылған «Качилровка» командасы бірінші орын алып, 40000 теңге мен турнир Кубогын қанжығаларына байлады.

Сонымен қатар, Сырымбет, Қаратал, Качилровка командаларының ойыншылары «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы» және «Үздік қақпашы» аталымдары бойынша арнайы дипломдармен және 3000 теңге көлемінде ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Әрбір командаға гуманитарлық-техникалық академия атынан бір-бір футбол добы сыйға тартылды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретті түсірген автор.

Өрендер өмірі

Сапта жүру байқауы

Бейсенбі, 5 мамыр күні Саумалкөл қазақ орта мектебінде жыл сайынғы дәстүр бойынша 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығы құрметіне мектепалды даярлық сыныбы мен 11 сынып аралығында әскери сапта жүруден сыныпаралық байқау болып өтті.



Байқауға балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру дайындығы клубының директоры Виктор Москальский, жастар бастамалары орталығының директоры Алмас Қоспанов және мектеп директоры Мәдігүл Олжабаева қатысты. Байқау қонақтары мен мектеп директоры оқушыларға сәттілік тілеп, дене шынықтыру, спорт патриоттық сезімнің шыңы екендігін әрдайым ел жастары сол шыңның басынан табыла берсін деген игі тілектерін жеткізді.

Байқау екі кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезеңде 5-11 сынып оқушылары саптық жүру өнерлерін көрсетсе, екінші кезеңде мектепалды даярлық сыныбы мен 4 сынып оқушылары сайысты. Сайыста екі кезең қатысушыларына да бірдей талап қойылды: бірегей форма, сапта тұру, саптағы өні және орындалған әнге жеке баға берілді.

Жоғары сыныптарды осы байқауға және 7 мамыр мен 9 мамыр күні мерекелік парадтарға осы мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Жұмағазы Садықов өзі дайындағанын, ал бастауыш сынып оқушыларын Жұмағазы Қабылқажулының бағыт-бағдар беруімен сынып жетекшілері мен оқушылардың өздері әзірлік жүргізгенін айтады.

Сонымен қатар, байқау соңында 16 жастан асқан оқушыларға әскери комиссариатқа шақыру қағаздарын Виктор Михайлович табыстады.

Алғашқы кезең бойынша марапаттау рәсімі де екі кезең бойынша өткізілді, онда балалардың жас ерекшелігі мен мүмкіндіктері ескерілді. Байқау қорытындысында 5-7 сынып оқушылары арасында 3 орынды 6 «а» сыныбы иеленсе, 2 орын 5 «б» сыныбына бұйырды, ал жұлделі 1 орынды 5 «а» сыныбы қанжығаларына байлады.

8-11 сынып оқушылары арасында 3 орын 8 «а» сыныбының өңшіне тисе, 2 орынды 10 «б» сыныбы иемденді, ал жұлделі 1 орын 9 «в» сыныбына бұйырды.

Екінші кезең бойынша мектепалды даярлық тобы мен 4 сынып оқушылары арасында өткен байқауда екі 3 орын 4 «а» (сынып жетекшісі Байтенова Ақзәйнеп) және 4 «б» (Жөкенова Махаббат) сыныптарына тиесілі болса, 2 орын 2 «б» (Көкжеболатова Раушан) сыныбына берілді, 1 орынды 3 «ә» (Жазбаева Гүлмира) сыныбы иеленді.

Сонымен қатар, екінші кезең бойынша екі аталым берілді. Онда «Ең жас Отан қорғаушылар» аталымымен мектепалды даярлық тобы марапатталса, 2 «б» сынып оқушысы Оразғалиев Нұрасыл «Ең үздік топ басшы» аталымымен марапатталды.

Байқаудың бірінші кезеңіне 250-дей бала қатысса, екінші кезеңге сәйкесінше 180-нен астам бала қатысты.

Мектеп өмірінде өткізілетін дәстүрлі іс-шаралар легінің бірегейі болып табылатын бұл байқау жұлдызды мамыр айының айынын асқақтатып шығарса, ұстаздар үшін де өз балаларының болашағы мен бейімін айқындайтын сараптама жұмысы болды. Қатал әскери тәртіптің бастауы – мектеп қабырғасында тізіліп сапқа тұрудан басталатынын ұғынып, балғын бұлдірішімдер мен бой түзген жасөспірімдерді бірігіп жұмыс жасауға, топтық дайындыққа, ең бастысы тап-таза жүректеріне Отан деген ҰЛЫ ұғымды сіңіріп, оны сүюге, қастерлеуге баулып отыратын ұстаздар қауымына да алғыс айтудың жөні бар секілді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Кеңес

Іскер әйелдер кеңесі бас қосты

Мамыр айының 4 жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасы филиалының ғимаратында сәуір айының соңғы күндері негізі қаланған Іскер әйелдер кеңесінің отырысы болып өтті. Отырыста Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Сәуле Адамова төрағалық етті.

Бұл күнгі отырыста екі мәселе қаралды. Алғашқысы – кеңес құрамына жаңа мүшелерді қабылдау. Сонымен қатар, кеңес құрамына кіруге ұсыныс білдіретін кез келген белсенді, жауапты, іскер әйелдерді де бірге жұмыс жасауға шақырды.

Ал екіншісі – көпшілік үшін тың жаңалығымен, бастамашылдығымен және маңыздылығымен ерекше мәселе. Ол ауданымызда алғаш рет жүзеге асырылғаны отырылған «Барлығы алғыс үшін» атты акция аясында осы аттас әлеуметтік дүкен ашу мәселесі.

Ауданымызда өзгеше сауда нүктесін ашу жөніндегі тың идеяның бастамашысы – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының кәсіпкерлер палатасының жанынан құрылған Іскер әйелдер кеңесі. Құрылғанына көп болмаса да, қоғам өміріне белсене кіріскен азаматшалардың ісі құттарлық іс.

«Өзгеше сауда нысанын ашу мәселесі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін көрсетеді. Біз өз тарапымыздан қайырымдылық ісін қолдаймыз, сонымен қатар шағын және орта бизнестің басшыларын тыс қалмай, тұрғындардың кейбір топтарына мүмкіндігінше әлеуметтік көмек көрсетуге шақырамыз», – деп Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры Данияр Қалымов өз сөзінде атап өтті.

Дүкен сөрелері ауылдастар атынан тегін тапсырылатын тауарлармен толықтырылып отырылады. Бұған киімдерді, аяқ киімдерді, балалар заттарын, азық-түліктер мен тұрмысқа қажетті басқа да қажеттіліктер жатады.

«Дүкенге жіберілетін киімдер кейбір қарапайым талаптарға сай келуі керек. Киімдерде көрнекі түр болуы керек: таза, ескірмеген, дақтарсыз және бүтін болуы керек.

Әрқайсысымызда өзіміз қолданбайтын, жай жатқан киімдер бар шығар. Сол киімдерді біреулерге өте қажет болуы мүмкін ғой. Біз енді сол киімдерімзді дүкенге әкеп тастауымызға болады, ал мұнда ол киімдерді тағы біреу келіп жай ғана «рахмет» айтып ала алады. Бірақ, ең бастысы киімдер таза болуы керек. Киімдердің тазалығына да үлкен мән береміз. Сөйтіп шыққан киімдердің ескісі де, жаңасы да қабылданады. Балалар киімдері, үлкендер киімдері мен аяқ киімдері. Кейбір даналарын, мүмкін бізге кәсіпкерлер өз сауда үйлерінің сөрелерін беретін шығар», – дейді Айыртау ауданы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Сәуле Адамова.

Аталмыш дүкеннің тұтынушылары ретінде аз қамтылған отбасылар мен көп балалы аналар бола алады.

Киімдерді қабылдау пункты өз жұмысын бастап та кетті. Ол мына мекен жай бойынша жүзеге асырылады: Саумалкөл ауылы, Достық к., 35А. Айыртау ауданы кәсіпкерлер палатасының филиалы («Айсберг» СҰ). Анықтама үшін телефон: 87011734600; 79-033.

«Дүкен жұмысының басталғаны жөніндегі ақпарат дүкеннің ресми ашылуына үш күн қалғанда БАҚ жарияланатын болады», – дейді ұйымдастырушылар.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

ЖОБА

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 26 «2016 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылғы 29 қаңтардағы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі № 26 «2016 жылғы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тәсілдерін, хан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақілеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде 2016 жылдың 2 наурызында № 3644 болып тіркелген 2016 жылдың 17 наурызында № 11 «Айыртау

таңы» және 2016 жылдың 17 наурызында № 11 «Айыртауские зори» аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

қосымшасына сәйкес жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы « » №—қаулысына қосымша
2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мектепке дейінгі мекемелеріндегі жаңға шаққандағы қаржыландыру және ата-ана төлемінің мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының әкімшілік-территориалдық орналасуы		Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымы тәрбиеленушілерінің саны				
		Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық емес күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді орталық өзіндік	Мектеп жанындағы толық емес күнді шағын орталық өзіндік
	Айыртау ауданы	167	225	322	50	0
1	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балалар» Ясли-бақшасы» МКҚК	22				
2	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балдырған» Ясли-бақшасы» МКҚК	18				
3	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Қолсоқа» Ясли-бақшасы» МКҚК	30				
4	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Родничок» Ясли-бақшасы» МКҚК	45				
5	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Қарлығаш» Ясли-бақшасы» МКҚК	32				
6	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Рудный орта мектебі» КММ		34	15		
7	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Кирилловка орта мектебі» КММ		41	5		
8	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Каменоброд орта мектебі» КММ		25	5		
9	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Имантау орта мектебі» КММ		50	35		
10	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Арықбалық орта мектебі» КММ		50	38		
11	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Антоновка орта мектебі» КММ		25	11		
12	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Бірлестік орта мектебі» КММ			20		
13	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Златогор орта мектебі» КММ			26		
14	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Заря орта мектебі» КММ			15		
15	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Каратап орта мектебі» КММ			12		
16	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Лавровка орта мектебі» КММ			11		
17	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Ақан Борлық орта мектебі» КММ			7		
18	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Верхний Борлық негізгі мектебі» КММ			10		
19	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Воскресеновка орта мектебі» КММ			10		
20	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Еңдіағаш орта мектебі» КММ			10		
21	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Қарақамыс негізгі мектебі» КММ			12		
22	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Наследниковта бастауыш мектебі» КММ			8		
23	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Өскен негізгі мектебі» КММ			5		
24	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Борлық негізгі мектебі» КММ			11		
25	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Елдиний бастауыш мектебі» КММ			11		
26	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Сұлқыл бастауыш мектебі» КММ			11		
27	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Матвеевка бастауыш мектебі» КММ			10		
28	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Комаровка орта мектебі» КММ			16		
29	ЖК Ниятұллаев С.С. «Балауса» шағын орталығы				50	

Мекеме атауы	Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын мектепке дейінгі мекемелердің жаңа шаққандағы айына қаржыландыру өлшемі.				
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балауса» Ясли-бақшасы» МКҚК	16318/1424				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балдырған» Ясли-бақшасы» МКҚК	16318/1435				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Колосок» Ясли-бақшасы» МКҚК	16318/2828				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Родничок» Ясли-бақшасы» МКҚК	16318/2152				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Қаратау» Ясли-бақшасы» МКҚК	26883/2682				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Удэны орта мектебі» КММ	19520/3185	16076/807			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Кирилловка орта мектебі» КММ	14754/2407	38676/1941			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Каменинорд орта мектебі» КММ	18069/2928	44353/2230			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Имантау орта мектебі» КММ	16746/2732	8890/248			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Арықбалық орта мектебі» КММ	14312/2335	8246/414			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Антоновка орта мектебі» КММ	15935/2600	17883/897			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Бердестік орта мектебі» КММ		15171/717			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Этапоро орта мектебі» КММ		10847/544			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Заря орта мектебі» КММ		13702/687			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Қаратал орта мектебі» КММ		17609/884			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Даварова орта мектебі» КММ		15171/717			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Хан Борлық орта мектебі» КММ		1717/1862			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Ерхан Борлық негізгі мектебі» КММ		24724/1240			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Ерменекорновка орта мектебі» КММ		22099/1109			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Еңісбай орта мектебі» КММ		15171/717			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Қарақамыс негізгі мектебі» КММ		13636/884			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Наседникова бастауыш мектебі» КММ		24728/1241			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Өскен негізгі мектебі» КММ		35787/1796			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Борлық негізгі мектебі» КММ		17140/860			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Целиный бастауыш мектебі» КММ		17703/888			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Сұлғыал бастауыш мектебі» КММ		16219/854			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Дарваза бастауыш мектебі» КММ		15171/717			
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Комаровка орта мектебі» КММ		12503/627			
ЖК Ниятұллаев С.С. «Балауса» шағын орталығы				16318/1620	

Мекеме атауы	Республикалық бюджет есебінөн қаржыландырылатын, мектепке дейінгі мекемелердің жаңа шаққандағы айына тәлейтін ата-аналардың төлемі				
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық өзіндік	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық өзіндік
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балапан» Ясли-бақшасы» МКҚК	4500			4200	3-жасқа дейін
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балдырған» Ясли-бақшасы» МКҚК	4500			4200	3-жасқа дейін
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Колосок» Ясли-бақшасы» МКҚК	7500			7200	3-жасқа дейін
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Родничок» Ясли-бақшасы» МКҚК	7500			7200	3-жасқа дейін
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Карлығаш» Ясли-бақшасы» МКҚК	4500			4200	3-жасқа дейін
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Ир-Удуй орта мектебі» КММ		7500			6500
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Хорошее утро мектебі» КММ		6500			6500
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Хорошее утро мектебі» КММ		6500			6500
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Камениоброд орта мектебі» КММ		6500			6500
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Имантау орта мектебі» КММ		6500			6500
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Арысжарк орта мектебі» КММ		6500			6500
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Антоновка орта мектебі» КММ		6500			6500
ЖКК Ниятұлаев С.С. «Балауса» шағын орталығы				7500	

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының әкімшілік-территориалдық орналасуы	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымы тәрбиеленушілерінің саны				
	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық өмес күнді шағын орталық	Мектеп жанындағы толық күнді шағын өзіндік	Мектеп жанындағы толық өмес күнді шағын орталық өзіндік
Айыртау ауданы	503	23	355		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балалар» Ясли-бақшасы» МКҚК	20				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балдырған» Ясли-бақшасы» МКҚК	24				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Колосок» Ясли-бақшасы» МКҚК	200				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Родничок» Ясли-бақшасы» МКҚК	259				
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Ақсәуке орта мектебі» КЖМ			31		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Елжан орта мектебі» КЖМ			15		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Ақсәуке орта мектебі» КЖМ			20		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Аман Борлық орта мектебі» КЖМ			18		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Сәрсәуке басталу мектебі» КЖМ			20		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Гүсәуке орта мектебі» КЖМ			21		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Дәуқара орта мектебі» КЖМ			30		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Елсейіт орта мектебі» КЖМ			17		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Қарасөке орта мектебі» КЖМ			15		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Қызылөкпе орта мектебі» КЖМ			16		
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ, «Қазанка орта мектебі» КЖМ			21		

Жалғасы 4-бетте.

VIII TVEFIR DEĞİTİM

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ


(Жыланды да жолда қалдырдық...)

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Алайда біз орыс тілінсіз өмір сүре алмайтын, ағылшын тілін алаң шығаруға ұмтылған Қазақ еліміз.

Айтар сөзіміз тұщымды болуы үшін ана тіліміздің бүгінгі хал-ахуалы туралы Италия елінің кәсіпкері Ренальо Гаспириннің мына бір сөзін алсақ: «Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім. Олар – зақтар» деп жазған екен.

Өзіңе, қазақтарға қарата айдай әлем алдында қасықтап жвеан абырой-
 беделіңді лақ еткізіп төге салған бұл сөзге не деп уәж айтарсың? Аталы
 сөзге арсыз таласады деп, жүйелі, орынды сөзге тоқтап білген қазақпыз ғой,
 қар маңдайдан ұран соққандай етіп айтықан еуропалықтың сөзінің өсте жаны
 бар. Жаны бар деп, жұмсартпай-ақ қойлық, ақшақтың дәл өзі!

Біздің елде, Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мүсәпір кейлі сөз болғалы да бақандай ширек асырға жуық уақыт өтіпті. Алайда, баяғы жармас, сол жармас. Қазақ тілінің мәртебесін көтерейік, қолданылу аясын кеңейтейік деп ұрандауға 25 жылға жуық уақыт кетсе, оны толығымен меңгеруге қанша асырдың неше ширегі керек болар екен?!



Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз қазақ тілінде сөйлеу қалауы әрбір қазақстандыққа табиғи нәрсе болуы үшін бәрін істеуге тиістіміз» деді. Әрине, қолдан келгенін бәрін істеп жатырмыз. Дұрыс-ақ. Дегенмен қолдан келмейтінді де жасау керек. Себебі, өзіміз үшін, өзегімізді жарып шыққан ұрпақтарымыз үшін мүмкінді де, мүмкін еместі де жасауға міндеттіміз. Қордағы тышқак лағын да арымақ атындай бағып, иелік еткен аталардың қанымен біздің бойымызға елдігіміздің белгісі, төңдігіміздің төлқұжаты ана тілімізді шыңырауға құлатпай, өз биігіне жеткізу сынды қасиеті сарқып бот дарымағаны ма? Жок! Басты салбыратып жылана беру де жарамас! Бойыңды тік ұстап, жүзі жарық жандай алға басып, жарықпаңды жүретуғын жеңіп бар ғой, қазақ тілі! Біз сен үшін сенің бүгінің мен болашағың үшін не нәрсен болса да құрбандыққа шалуға қашан дайын болар екенбіз? Ал өткенің нағыз шежіре, нағыз дастан. Хандық дәуір тұсында қазақ тілі мемлекетаралық тіл болған деседі. Осыдан-ақ, біздің ана тіліміздің қаншалықты биік мәртебеге ие болғаны көрінеді.

Біз сенің өсуің, өркендеуің үшін барлық қазақстандықтарға мүмкіндіктер бердік. Енді оларға мүмкіндік емес, міндеттеме беру керек сияқты. «Қазақстанда тұрасың ба, қазақша біл қазақша сөйле, қазақша ойлан», «Мемлекеттік қызмет атқарғын келе ме, қазақша біл қазақша сөйле, қазақша ойлан», «Қазақстанда тұрып, отбасын құрып, ұрпақ жалғасын келе ме, ұл-қыздың қазақша білсін қазақша сөйлесін, қазақша ойлансын». Мүмкін мұндай талаптар біздің елдің басқару жүйесіне, бірнеше жылға арнап жүргізілетін саяси платформасына қарама-қайшы болар, дегенмен бұл қадамға барсақ, мемлекеттік тіл бүл мемлекет үшін қымбат екен ғой, ол болмаса, оны білмесек бізге де жарқын болашақ күліп қарай қоймас деп, мемлекеттік тілді білсе де білмегендей, мұрыншүңгіре менсінбей қарап жүргендер біз де мемлекеттік тілді білуге тырысайық деген ойға қалады ғой. Бұлайынып қарасақ, тіл туралы саясатты «асын ішіп, аяғына түкірген» деген сөзбен сипаттауға болады. Осының бәрі бабаларымыз басынан өткерген қинау мен қанау, азап пен мазалқа қарағанда адамгершілікке саятын сыйайлы.

Бір жерден оқып еді, мемлекеттік тілді үйренемін деп талпынушыларға ай сайын қалақшысына, шекіртақшысына үстеме ақы төлесе, олар алға ұмтылып, тілді меңгеруге қызуғышулықтар артар еді депті. Сөздің ашығы, қазіргі заманда тиын-тебенмен ешкімді алдай алмайсың. Ол үшін «Мен – жасаймын!» деген шір даусы пен мұқалмас рух керек. Көпшіліктің пікірін тыңдасаң, қазақтар құлдық санадан әлі шыға қоймаған дейді. Құлдық санадан бөлек, көңіл қалдырмаушылық қасиет бізге дерт болып жабайсың секілді. «Өзіндікі өзекке төпсең де, кетпейді» деп, өз тілімізді, өз мүддемізді, өз қалауымызды, өз құндылығымызды тағы да 70 жыл бодан ел болғаннан кейін қайтанда қазақ болуымыз үшін, қазақша 100% сөйлеуіміз үшін сонша уақыт керек дейтіндердің алдына жығып бердік.

Біздің осылай өз-өзімізбен болуымыз үшін талай қан майдан жорықта ауыздықпен алысып, етігімен қан кешкен бабаларымыз, ақ патшаның қарау саясатының құрбаны болған марғасқалар, көк мұзда темір таятқан жауған соққының астында қалып, қар құраусындағы қара жерді қызыл қанымен бусантқан желтоқсаншы аға-апарларымыз бізге көп нәрсе беріп кетті. Ол — аманат! Аманатқа қиянат жасау ауыр қылмыс, ауыр күнә! Ал осы аманаттар не? Елдігіміз, жеріміз, дініміз, діліміз, тіліміз. Олар бізге осы аманаттарды көзiнiң қарашыныңдай сақтап жеткізсе, біз де көлер ұрпаққа өздері секілді асқан жауапкершілікпен дақ түсірмей таласырсын деген ниет-тілекпен берді. Әркімнің көніліне қарап, оларға осы аманатты жолтығы қып жылыту берсін деген жоқ.

